

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «__» сәуірдегі
№ ____ бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «8» сәуірдегі
№ 135 бұйрығына 2-қосымша

Қашықтықтан оқыту жағдайында жиынтық жұмыстарды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

1. Бөлім үшін жиынтық бағалауды және тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуге дайындық

1. Жиынтық бағалауды өткізу кезінде Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «№125 бұйрығына сәйкес ережелерді, 14, 14.1-14.3, 14.5, 14.7, 14.8, 15-18, 21-26, 29- тармақтары мен тармақшаларын басшылыққа алу қажет.

2. Білім беру ұйымында оқу пәндерін, өткізу күні мен уақытын көрсете отырып, бөлімдік жиынтық бағалау (бұдан әрі – БЖБ) мен тоқсандық жиынтық бағалауды (бұдан әрі – ТЖБ) тапсырудың икемді кестесі жасалады.

3. 1-10-сыныптарда:

- апталық жүктемесі 2 және одан артық сағатты құрайтын оқу пәндері бойынша 1 БЖБ және 1 ТЖБ жүргізіледі.

- оқу жүктемесі аптасына 1 сағатты құрайтын оқу пәндерінен бөлім бойынша 1 жиынтық жұмыс жүргізіледі.

4. 11-сыныпта оқу пәндері бойынша бақылау жұмыстары жүргізіледі.

5. БЖБ өткізу мерзімі:

- оқу жүктемесі аптасына 2 және одан артық сағатты құрайтын оқу пәндері бойынша **2020 жылғы 4-11 мамыр.**

- оқу жүктемесі аптасына 1 сағатты құрайтын оқу пәндері бойынша – **2020 жылғы 11-15 мамыр.**

6. 1-10-сыныптарда ТЖБ, ал 11-сыныпта бақылау жұмысын өткізу мерзімі: **2020 жылғы 18-22 мамыр.**

7. БЖБ мен ТЖБ саны бір күнде үш жиынтық жұмыстан аспауы тиіс.

2. Қашықтықтан оқыту кезінде жиынтық бағалау

8. БЖБ және ТЖБ тапсыру білім беру ұйымы бекіткен кестеге сәйкес өткізіледі (жеке кестені ескере отырып).

9. БЖБ-ны өткізу уақыты – 20 минут, ТЖБ-ны өткізу уақыты – 40 минут. 1-4-сынып білім алушылары үшін БЖБ және ТЖБ өткізу уақыты регламенттелмейді.

10. БЖБ және ТЖБ мазмұны пән бойынша Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес өтілген оқу материалын қамтуы қажет.

11. Әрбір оқу пәні бойынша 1-10-сыныптарда жүргізілетін жиынтық жұмыстардың саны кестелерде берілген (*қосымша*).

12. Педагог оқу тапсырмасына бағалау критерийлерін әзірлейді.

13. 1-4-сынып оқушыларына арналған БЖБ және ТЖБ тапсырмалары қиын болмауы керек және 2 тапсырмадан артық берілмеуі тиіс.

14. 5-10-сынып оқушыларына арналған БЖБ және ТЖБ тапсырмалары 5 тапсырмадан артық берілмеуі тиіс.

15. Егер білім алушылар объективті себептермен (ауру, техникалық іркілістер және т. б.) жиынтық жұмысты орындай алмаса, жиынтық жұмыстың қорытындысын шығарғанда, жиынтық бағалаудың төртінші тоқсанындағы нәтижелері ескерілуі мүмкін.

16. 1-10 сынып оқушыларына арналған БЖБ, сондай-ақ ТЖБ оқу тапсырмаларын педагог жасайды.

17. Педагог сонымен қатар үйде оқитын балаларға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған оқу жүктемелері мен өтілген материалдарды ескере отырып, жеке оқу тапсырмаларын әзірлейді, бұл ретте БЖБ және ТЖБ өткізу уақыты шектелмейді.

18. 11-сыныпта «Алгебра және геометрия», «Информатика», «Биология», «География», «Физика», «Химия», «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті», «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Шет тілі», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Адам. Қоғам. Құқық» пәндері бойынша ағымдағы бағалар және 4-тоқсанның қорытынды бағасы қойылады, «Өзін-өзі тану» пәні бойынша «есептелді»/«есептелінбеді» қойылады.

19. 11-сыныпта «Дене шынықтыру», «Технология», «Алғашқы әскери дайындық» оқу пәндері бойынша жылдық баға 2019-2020 оқу жылының 1,2,3-тоқсандарының қорытындысы негізінде қойылады.

20. Төртінші тоқсанда журналға ағымдағы бағалар мен тоқсандық баға қойылмайды, тек сабақ тақырыптары мен ұсынылған оқу тапсырмалары толтырылады.

21. БЖБ мен ТЖБ оқу тапсырмаларына:

- шығармашылық сипаттағы тапсырмалар, практикалық тапсырмалар, зерттеу тапсырмалары, жобалар, эссе және т. б.;
- 1 дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларын (үш тапсырмадан артық емес);
- бірнеше дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларын (үш тапсырмадан артық емес);
- сәйкестендіруге арналған тест тапсырмаларын (жұмыста үш тапсырмадан артық емес);
- қысқаша жауапты (сөз немесе қысқа сөйлем түріндегі жауапты, есеп шығаруды және т.б.) талап ететін сұрақтың ашық түрлерін;
- толық жауапты (сөйлем түріндегі жауапты, есеп шығаруды және т.б.) талап ететін сұрақтардың ашық түрлерін қолдануға болады.

22. Педагог БЖБ және ТЖБ өткізу үшін жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларды жүктеп және жиынтық бағалауды орындау үшін сынып оқушыларының кіруін қамтамасыз етеді, бұған білім беру платформаларын (Күнделік.kz, «Bilim Land» және т.б.), сонымен қатар түрлі байланыс құралдарын пайдалануына болады.

23. Білім алушыларға жиынтық жұмыстардың оқу тапсырмаларын және орындалған жұмыстарды педагогке кері жіберу («Күнделік.kz», «Bilim Land», Оріқ. kz және басқа) платформалар және қолжетімді байланыс құралдары арқылы мүмкін болады.

24. Білім алушыларға, олардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне Күнделік платформасында, кез келген қолжетімді байланыс құралдары (электрондық пошта, чат, телеграм немесе т.б.) арқылы комментарий түрінде немесе электрондық форматтағы рубрика түрінде кері байланыс беріледі.

25. Интернет болмаған жағдайда балалардың оқу тапсырмалары мен өзіндік жұмыстары санитарлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, үйіне (Қазпочта бөлімшелері арқылы) жеткізіледі.

3. БЖБ және ТЖБ өткізу барысында оқыту процесіне қатысушылардың міндеттері

Білім беру ұйымдарының әкімшілігі:

26. Білім беру ұйымының (бұдан әрі - ББҰ) басшысы мектепте жиынтық жұмыстарды жүргізу процесін басқарады және БЖБ мен ТЖБ өткізудің бірыңғай кестесін бекітеді.

27. ББҰ басшысының орынбасары:

- мектеп бойынша жиынтық жұмыстарды жүргізудің бірыңғай кестесін: БЖБ – 2020 жылғы 30 сәуірден кешіктірмей; ТЖБ – 2020 жылғы 15 мамырдан кешіктірмей жасайды;
- ББҰ педагогтері үшін БЖБ және ТЖБ өткізу бойынша нұсқаулық жүргізеді (міндеттері, оқу тапсырмаларын әзірлеу, өткізу рәсімі, техникалық дайындық, құжаттарды ресімдеу және т. б.);
- ББҰ-да жиынтық жұмыстарды жүргізу процесінде жалпы үйлестіру және мониторингілеуді қамтамасыз етеді.

Педагог:

28. Өтілген оқу мақсаттарына сәйкес БЖБ және ТЖБ оқу тапсырмалары жасалатын бөлімдер/бөлімшелер мен оқу мақсаттарын анықтайды.

29. Білім алушылардың орындауына арналған БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын құрастырады. Педагог ТЖБ оқу тапсырмаларын спецификацияға сәйкес әзірлейді.

30. Тілдік пәндер бойынша БЖБ және ТЖБ-да айтылым және тыңдалым дағдыларын тексеруді талап ететін оқыту мақсаттары кірмейді. Бұл ретте жазу және оқу дағдылары үшін ең жоғары балл 15 баллды құрайды.

31. БЖБ және ТЖБ бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлерін әзірлейді.

32. Білім алушылар үшін БЖБ және ТЖБ өткізудің көрсетілген күніне дейін нұсқаулық жүргізеді.

33. Білім алушылардың орындаған жиынтық жұмыстарын тексереді және сынып журналына (электронды немесе қағаз түрінде) балл қояды.

34. Білім алушыларға, ата-аналарға немесе баланың заңды өкілдеріне БЖБ және ТЖБ орындалған қорытындысы бойынша кері байланыс береді.

Білім алушылар:

35. БЖБ және ТЖБ орындау барысында академиялық адалдық ережелерін сақтайды.

36. Бөгде адамдардың көмегінсіз тапсырмаларды өз бетінше орындау керек.

37. Жиынтық жұмысты орындау барысында қосымша оқу ресурстарын пайдалануға (спецификациясы бойынша осы аталған ресурс пайдалануға рұқсат етілген жағдайлардан басқа) болмайды;

38. Жиынтық жұмыстарды орындауда жауапкершілікпен қарайды.

39. Жиынтық жұмысты орындауға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін білім алушы орындалған жұмысты педагогке қол жетімді байланыс құралдары арқылы жібереді.

БЖБ және ТЖБ саны (сыныптар және пәндер бойынша)

1-сынып – 10 пән, 6 БЖБ, 4 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1	Сауат ашу	6	1	1
2	Орыс тілі (Я2)	2	1	1
3	Шетел тілі	2	1	1
4	Математика	4	1	1
5	Дүниетану	1	1	0
6	Жаратылыстану	1	1	0
7	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
8	Музыка	1	0	есепт.
9	Көркем еңбек	1	0	есепт.
10	Дене шынықтыру	3	0	есепт.

1-сынып (оқу жүктемесі төмендетілген) – 10 пән, 6 БЖБ, 4 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1	Сауат ашу	6	1	1
2	Орыс тілі (Я2)	2	1	1
3	Шетел тілі	2	1	1
4	Математика	4	1	1
5	Дүниетану	1	1	0
6	Жаратылыстану	1	1	0
7	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
8	Музыка	1	0	есепт.
9	Көркем еңбек	1	0	есепт.
10	Дене шынықтыру	3	0	есепт.

2-сынып – 11 пән, 7 БЖБ, 5 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
---	-----	------------	-----	-----

1	Қазақ тілі	4	1	1
2	Әдебиеттік оқу	3	1	1
3	Орыс тілі (Я2)	2	1	1
4	Шетел тілі	2	1	1
5	Математика	4	1	1
6	Дүниетану	1	1	0
7	Жаратылыстану	1	1	0
8	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
9	Музыка	1	0	есепт.
10	Көркем еңбек	1	0	есепт.
11	Дене шынықтыру	3	0	есепт.

2-сынып (оқу жүктемесі төмендетілген) – 11 пән, 7 БЖБ, 5 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1	Қазақ тілі	4	1	1
2	Әдебиеттік оқу	3	1	1
3	Орыс тілі (Я2)	2	1	1
4	Шетел тілі	2	1	1
5	Математика	4	1	1
6	Дүниетану	1	1	0
7	Жаратылыстану	1	1	0
8	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
9	Музыка	1	0	есепт.
10	Көркем еңбек	1	0	есепт.
11	Дене шынықтыру	3	0	есепт.

3-сынып – 12 пән, 7 БЖБ, 6 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1	Қазақ тілі	4	1	1
2	Әдебиеттік оқу	3	1	1
3	Орыс тілі (Я2)	2	1	1
4	Шетел тілі	2	1	1
5	Математика	5	1	1
6	АКТ	1	0	0

7	Дүниетану	1	1	0
8	Жаратылыстану	2	1	1
9	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
10	Музыка	1	0	есепт.
11	Көркем еңбек	1	0	есепт.
12	Дене шынықтыру	3	0	есепт.

3-сынып (оқу жүктемесі төмендетілген) – 12 пән, 7 БЖБ, 5 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1	Қазақ тілі	4	1	1
2	Әдебиеттік оқу	3	1	1
3	Орыс тілі (Я2)	2	1	1
4	Шетел тілі	2	1	1
5	Математика	5	1	1
6	АКТ	1	0	0
7	Дүниетану	1	1	0
8	Жаратылыстану	1	1	0
9	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
10	Музыка	1	0	есепт.
11	Көркем еңбек	1	0	есепт.
12	Дене шынықтыру	3	0	есепт.

4-сынып – 12 пән, 7 БЖБ, 6 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1	Қазақ тілі	4	1	1
2	Әдебиеттік оқу	3	1	1
3	Орыс тілі (Я2)	2	1	1
4	Шетел тілі	2	1	1
5	Математика	5	1	1
6	АКТ	1	0	0
7	Дүниетану	1	1	0
8	Жаратылыстану	2	1	1
9	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.

10	Музыка	1	0	есепт.
11	Көркем еңбек	1	0	есепт.
12	Дене шынықтыру	3	0	есепт.

4-сынып (оқу жүктемесі төмендетілген) – 12 пән, 7 БЖБ, 5 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1	Қазақ тілі	4	1	1
2	Әдебиеттік оқу	3	1	1
3	Орыс тілі (Я2)	2	1	1
4	Шетел тілі	2	1	1
5	Математика	5	1	1
6	АКТ	1	0	0
7	Дүниетану	1	1	0
8	Жаратылыстану	1	1	0
9	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
10	Музыка	1	0	есепт.
11	Көркем еңбек	1	0	есепт.
12	Дене шынықтыру	3	0	есепт.

5-сынып (оқу жүктемесі төмендетілген) – 13 пән, 9 БЖБ, 7 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1	Қазақ тілі	3	1	1
2	Қазақ әдебиеті	2	1	1
3	Орыс тілі және әдебиеті	3	1	1
4	Шетел тілі	3	1	1
5	Математика	5	1	1
6	Информатика	1	1	0
7	Жаратылыстану	2	1	1
8	Қазақстан тарихы	2	1	1
9	Дүниежүзі тарихы	1	1	0
10	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
11	Музыка	1	0	есепт.

12	Көркем еңбек	2	0	есепт.
13	Дене шынықтыру	3	0	есепт.

5-сынып (оқу жүктемесі төмендетілген) – 13 пән, 9 БЖБ, 6 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1	Қазақ тілі	3	1	1
2	Қазақ әдебиеті	2	1	1
3	Орыс тілі және әдебиеті	3	1	1
4	Шетел тілі	3	1	1
5	Математика	5	1	1
6	Информатика	1	1	0
7	Жаратылыстану	1	1	0
8	Қазақстан тарихы	2	1	1
9	Дүниежүзі тарихы	1	1	0
10	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
11	Музыка	1	0	есепт.
12	Көркем еңбек	2	0	есепт.
13	Дене шынықтыру	3	0	есепт.

6-сынып – 13 пән, 9 БЖБ, 7 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1	Қазақ тілі	3	1	1
2	Қазақ әдебиеті	2	1	1
3	Орыс тілі және әдебиеті	3	1	1
4	Шетел тілі	3	1	1
5	Математика	5	1	1
6	Информатика	1	1	0
7	Жаратылыстану	2	1	1
8	Қазақстан тарихы	2	1	1
9	Дүниежүзі тарихы	1	1	0
10	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
11	Музыка	1	0	есепт.

12	Көркем еңбек	2	0	есепт.
13	Дене шынықтыру	3	0	есепт.

6-сынып (оқу жүктемесі төмендетілген) – 13 пән, 9 БЖБ, 6 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1	Қазақ тілі	3	1	1
2	Қазақ әдебиеті	2	1	1
3	Орыс тілі және әдебиеті	3	1	1
4	Шетел тілі	3	1	1
5	Математика	5	1	1
6	Информатика	1	1	0
7	Жаратылыстану	1	1	0
8	Қазақстан тарихы	2	1	1
9	Дүниежүзі тарихы	1	1	0
10	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
11	Музыка	1	0	есепт.
12	Көркем еңбек	2	0	есепт.
13	Дене шынықтыру	3	0	есепт.

7-сынып – 16 пән, 13 БЖБ, 10 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1	Қазақ тілі	3	1	1
2	Қазақ әдебиеті	2	1	1
3	Орыс тілі және әдебиеті	3	1	1
4	Шетел тілі	3	1	1
5	Алгебра	3	1	1
6	Геометрия	2	1	1
7	Информатика	1	1	0
8	Физика	2	1	1
9	Химия	1	1	0
10	Биология	2	1	1
11	География	2	1	1

12	Қазақстан тарихы	2	1	1
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	0
14	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
15	Көркем еңбек	1	0	есепт.
16	Дене шынықтыру	3	0	есепт.

7-сынып (оқу жүктемесі төмендетілген) – 16 пән, 13 БЖБ, 5 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1	Қазақ тілі	2	1	1
2	Қазақ әдебиеті	2	1	1
3	Орыс тілі және әдебиеті	3	1	1
4	Шетел тілі	3	1	1
5	Алгебра	2	1	1
6	Геометрия	1	1	0
7	Информатика	1	1	0
8	Физика	1	1	0
9	Химия	1	1	0
10	Биология	1	1	0
11	География	1	1	0
12	Қазақстан тарихы	1	1	0
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	0
14	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
15	Көркем еңбек	1	0	есепт.
16	Дене шынықтыру	3	0	есепт.

8-сынып – 16 пән, 13 БЖБ, 11 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1	Қазақ тілі	2	1	1
2	Қазақ әдебиеті	3	1	1
3	Орыс тілі және әдебиеті	3	1	1
4	Шетел тілі	3	1	1
5	Алгебра	3	1	1
6	Геометрия	2	1	1

7	Информатика	1	1	0
8	Физика	2	1	1
9	Химия	2	1	1
10	Биология	2	1	1
11	География	2	1	1
12	Қазақстан тарихы	2	1	1
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	0
14	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
15	Көркем еңбек	1	0	есепт.
16	Дене шынықтыру	3	0	есепт.

8-сынып (оқу жүктемесі төмендетілген) – 16 пән, 13 БЖБ, 5 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1	Қазақ тілі	2	1	1
2	Қазақ әдебиеті	2	1	1
3	Орыс тілі және әдебиеті	3	1	1
4	Шетел тілі	3	1	1
5	Алгебра	2	1	1
6	Геометрия	1	1	0
7	Информатика	1	1	0
8	Физика	1	1	0
9	Химия	1	1	0
10	Биология	1	1	0
11	География	1	1	0
12	Қазақстан тарихы	1	1	0
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	0
14	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
15	Көркем еңбек	1	0	есепт.
16	Дене шынықтыру	3	0	есепт.

9-сынып – 17 пән, 14 БЖБ, 11 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1	Қазақ тілі	2	1	1

2	Қазақ әдебиеті	3	1	1
3	Орыс тілі және әдебиеті	3	1	1
4	Шетел тілі	3	1	1
5	Алгебра	3	1	1
6	Геометрия	2	1	1
7	Информатика	1	1	0
8	Физика	2	1	1
9	Химия	2	1	1
10	Биология	2	1	1
11	География	2	1	1
12	Қазақстан тарихы	2	1	1
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	0
14	Құқық негіздері	1	1	0
15	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
16	Көркем еңбек	1	0	есепт.
17	Дене шынықтыру	3	0	есепт.

9-сынып (оқу жүктемесі төмендетілген) – 17 пән, 14 БЖБ, 5 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1	Қазақ тілі	2	1	1
2	Қазақ әдебиеті	2	1	1
3	Орыс тілі және әдебиеті	3	1	1
4	Шетел тілі	3	1	1
5	Алгебра	2	1	1
6	Геометрия	1	1	0
7	Информатика	1	1	0
8	Физика	1	1	0
9	Химия	1	1	0
10	Биология	1	1	0
11	География	1	1	0
12	Қазақстан тарихы	1	1	0
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	0
14	Құқық негіздері	1	1	0
15	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
16	Көркем еңбек	1	0	есепт.

17	Дене шынықтыру	3	0	есепт.
----	----------------	---	---	--------

10-сынып ЖМБ – 19 пән, 14 БЖБ, 13 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1.	Алгебра және анализ бастмалары	4	1	1
2.	Геометрия	2	1	1
3.	Информатика	2	1	1
4.	Қазақ тілі	1	1	0
5.	Қазақ әдебиеті	2	1	1
6.	Орыс тілі және әдебиеті	2	1	1
7.	Шетел тілі	3	1	1
8.	Қазақстан тарихы	2	1	1
9.	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
10.	Дене шынықтыру	3	0	есепт.
11.	Алғашқы әскери және техникалық дайындық	1	0	есепт.
12.	Физика	4	1	1
13.	Химия	4	1	1
14.	Биология	4	1	1
15.	География	4	1	1
16.	Дүниежүзі тарихы	2	1	1
17.	Құқық негіздері	2	1	1
18.	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері	2	0	есепт.
19.	Графика және жобалау	2	0	есепт.

10-сынып ЖМБ (оқу жүктемесі төмендетілген) – 19 пән, 14 БЖБ, 12 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1.	Алгебра және анализ бастмалары	3	1	1
2.	Геометрия	2	1	1
3.	Информатика	2	1	1
4.	Қазақ тілі	1	1	0
5.	Қазақ әдебиеті	2	1	1
6.	Орыс тілі және әдебиеті	2	1	1
7.	Шетел тілі	2	1	1
8.	Қазақстан тарихы	1	1	0

9.	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
10.	Дене шынықтыру	3	0	есепт.
11.	Алғашқы әскери және техникалық дайындық	1	0	есепт.
12.	Физика	3	1	1
13.	Химия	3	1	1
14.	Биология	3	1	1
15.	География	3	1	1
16.	Дүниежүзі тарихы	2	1	1
17.	Құқық негіздері	2	1	1
18.	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері	2	0	есепт.
19.	Графика және жобалау	2	0	есепт.

10-сынып ҚГБ – 19 пән, 15 БЖБ, 13 ТЖБ

№	Пән	Сағат саны	БЖБ	ТЖБ
1.	Алгебра және анализ бастамалары	3	1	1
2.	Геометрия	1	1	0
3.	Информатика	1	1	0
4.	Қазақ тілі	2	1	1
5.	Қазақ әдебиеті	3	1	1
6.	Орыс тілі және әдебиеті	2	1	1
7.	Шетел тілі	3	1	1
8.	Қазақстан тарихы	2	1	1
9.	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
10.	Дене шынықтыру	3	0	есепт.
11.	Алғашқы әскери және техникалық дайындық	1	0	есепт.
12.	Шетел тілі (екінші)	3	1	1
13.	Физика	2	1	1
14.	Химия	2	1	1
15.	Биология	2	1	1
16.	География	3	1	1
17.	Дүниежүзі тарихы	3	1	1
18.	Құқық негіздері	3	1	1
19.	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері	2	0	есепт.

10-сынып ҚГБ (оқу жүктемесі төмендетілген) – 19 пән, 15 БЖБ, 13 ТЖБ

№	Пән	Сағат	БЖБ	ТЖБ
---	-----	-------	-----	-----

		саны		
1.	Алгебра және анализ бастамалары	2	1	1
2.	Геометрия	1	1	0
3.	Информатика	1	1	0
4.	Қазақ тілі	2	1	1
5.	Қазақ әдебиеті	2	1	1
6.	Орыс тілі және әдебиеті	2	1	1
7.	Шетел тілі	3	1	1
8.	Қазақстан тарихы	2	1	1
9.	Өзін-өзі тану	1	0	есепт.
10.	Дене шынықтыру	3	0	есепт.
11.	Алғашқы әскери және техникалық дайындық	1	0	есепт.
12.	Шетел тілі (екінші)	3	1	1
13.	Физика	2	1	1
14.	Химия	2	1	1
15.	Биология	2	1	1
16.	География	3	1	1
17.	Дүниежүзі тарихы	3	1	1
18.	Құқық негіздері	3	1	1
19.	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері	2	0	есепт.

11-сынып ҚГБ

№	Пән	Сағат саны	п/ж, л/ж	б/ж
1.	Қазақ тілі	2		
2.	Қазақ әдебиеті	2		
3.	Орыс тілі	2		
4.	Орыс әдебиеті	2		
5.	Шетел тілі	4		
6.	Қазақстан тарихы	2		
7.	Дүниежүзі тарихы	2		
8.	Адам. Қоғам. Құқық	1		
9.	Өзін-өзі тану	1		есепт.
10.	Алгебра және анализ бастамалары	3		
11.	Геометрия	1		
12.	Информатика	1		
13.	Биология	1		
14.	География	1		
15.	Физика	1		
16.	Химия	1		
17.	Технология	1		

18	Дене шынықтыру	3		
19	Алғашқы әскери дайындық	1		

11-сынып ЖМБ

№	Пән	Сағат саны	п/ж, л/ж	б/ж
1.	Алгебра және анализ бастамалары	3		
2.	Геометрия	2		
3.	Информатика	1		
4.	Биология	2		
5.	География	2		
6.	Физика	3		
7.	Химия	2		
8.	Қазақ тілі	1		
9.	Қазақ әдебиеті	2		
10.	Орыс тілі	1		
11.	Орыс әдебиеті	1		
12.	Шетел тілі	2		
13.	Қазақстан тарихы	2		
14.	Дүниежүзі тарихы	1		
15.	Адам. Қоғам. Құқық	1		
16.	Өзін-өзі тану	1		есепт.
17.	Технология	1		
18.	Дене шынықтыру	3		
19.	Алғашқы әскери дайындық	1		